

ЕҢБЕК КҮНІ ЕЛЕНДІ

3-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



ШЕРАҒАҢНЫҢ ШЕКПЕНІ МЕН МЕКТЕБІ

7-БЕТ | РУХАНИЯТ



«ҚАРА СӨЗДЕР» – САХНАДА

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Мен еліміздің құндылықтары мен мақсаттарына зор сеніммен қарап, қастерлі Отанымыз үшін аянбай еңбек етіп жүрген, әрдайым кәсіби шеберлігін шыңдап, өндірісте жоғары көрсеткішке қол жеткізуге ұмтылатын және әр істе алғырлық пен жаңашылдық танытатын отандастарымызға шынайы ризашылығымды білдіремін.

№115
(4859)
Сейсенбі
30 қыркүйек
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

Елорда шежіресі 35 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

РИМДЕ – АБАЙ МҮСІНІ

Кеше Қазақстанға ресми сапармен келген Италия Президенті Серджо Маттарелла биыл Рим қаласында Абай Құнанбайұлының мүсіні орнатылатынын айтты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Италия Президенті Серджо Маттарелла арасындағы келіссөздерден кейін екі елдің басшылары бірлескен мәлімдеме жасады. Келіссөздер барысында Италия Президенті Астана қаласында Италия мәдени орталығы ашылатынын, сондай-ақ Неаполь қаласында Абай операсы қойылатынын жеткізді. Өз кезегінде Қасым-Жомарт Тоқаев Астана көшелерінің біріне Италияның ұлы саяхатшысы Марко Полоның есімі берілетінін, келесі жылы Италияда «Көшпенділер алтыны» көрмесі өткізілетінін айтты.

2

ҰСТАЗЫҢДЫ ҚҰТТЫҚТА!

Елордада «Ұстазыңды құттықта!» челленджі басталды.

Бүгінгі таңда елорданың білім беру ұйымдарында 29 мыңнан астам педагог еңбек етеді. Қазірдің өзінде астаналық мектептер мен колледждер, балабақшалардың білім алушылары өздерінің ұстаздарына деген алғысы мен жылы лебіздерін әлеуметтік желілер арқылы жариялап, челленджге белсене қатысуда.

#ҰСТАЗЫҢДЫҚҰТТЫҚТА челленджі Мұғалімдер күні мерекесіне дейін, яғни 5 қазанға дейін жалғасады. Осы аралықта кез келген қала тұрғыны өзінің алғашқы әріп танытқан, өмірлік жолына бағыт берген ұстазына арнап жүрекжарды тілегін айтып, фото немесе бейнежазбасын әлеуметтік желіде #ұстазыңдықұттықта хэштегімен жариялай алады.




5-6

ҚАРТТАР – ҚОҒАМНЫҢ ҚАЗЫНАСЫ

Қарттар күні – халықаралық мерекесі 1990 жылдың 14-желтоқсанында БҰҰ Бас Ассамблеясында ресми бекітілген. Ал Қазақстанда Халықаралық қарттар күні 1991 жылдың 1 қазанынан бері тойланып келеді. Бүгінгі таңда Астана қаласының барлық аудандарында зейнеткерлер мен ардагерлерге бос уақыттарын пайдалы өткізуге арналған белсенді ұзақ өмір сүру орталықтары жұмыс істейді.

ЕЛГЕ ЕЛ ҚОСЫЛСА – ҚҰТ



Жыл басынан бері 9 586 этникалық қазақ тарихи отанымен табысып, қандас мәртебесін алды. Жалпы 1991 жылдан бері республикаға 1 млн 157,6 мың этникалық қазақ оралды. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мәлім етті.

Қазақстанға келген қандастардың 45,7 пайызы – Өзбекстаннан, 41,8 пайызы – Қытайдан, 4,6 пайызы – Түрікменстаннан, 2,7 пайызы – Монғолиядан, 2,6 пайызы Ресейден және 2,6 пайызы басқа елдерден қоныс аударған.

«Осы жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша еңбекке қабілетті жастағы этникалық қоныс аударушылар саны 58,7%-ды, еңбекке қабілетті жастан кіші 32,3%-ды және зейнеткерлер 9%-ды құрайды. Еңбекке қабілетті жастағы қандастардың ішінен білім деңгейі бойынша 15,4%-ы – жоғары білімді, 29,7%-ы – орта кәсіби білімді, 52,3%-ы – жалпы орта білімді және 2,6% білім жоқ» делінген хабарламада.

Қоныс аударған этникалық қазақтар республиканың түрлі өңірлеріне қоныстанды.


ЖЫЛУ БЕРІЛЕ БАСТАДЫ

Ауа райының күрт салқындауына байланысты Астанада тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарды орталық жылу жүйесіне қосу жұмыстары басталды.

Бірінші кезекте, әлеуметтік нысандар – мектептерге, балабақшаларға, медициналық мекемелерге, өтінімдеріне сәйкес жылумен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде. Ал қаладағы басқа барлық нысандарға, тұрғын үйлерге жылу қосу алдағы күндері кезең-кезеңімен жүзеге асырылады.

4

№115 (4859) 30/09/2025 Сейсенбі





СЕНІМДІ ДИАЛОГ ПЕН ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК

Ақордада Италия Президентін салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Онда Мемлекеттер басшылары бір-біріне делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылы ротасының бастығы рапорт беріп, екі елдің мемлекеттік әнұрандары орындалды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Серджо Маттарелланың Қазақстанға сапары екі ел арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға тың серпін беретінін атап өтті. Президенттің айтуынша, бұл сапар Қазақстан мен Италия арасындағы достық пен бұрыннан келе жатқан серіктестікті растайды.

– Президент мырза, Сізді мәртебелі мейман ретінде қарсы алғаныма қуаныштымын. Қазақстанға жасаған алғашқы сапарыңыз ынтымақтастығымыздың жаңа парағын ашатыны сөзсіз. Қазақстан мен Италия арасында тығыз ықпалдастық орнаған. Сіздің еліңізге құрметіміз ерекше. Өзара сауда дәйекті түрде дамуда. Біздің экономикалық байланыстарымыздың негізі берік. Түрлі саладағы қарым-қатынасымыз жоғары нәтиже көрсетіп келеді. Мемлекет басшысы ретінде екіжақты ықпалдастықты нығайтуға үлес қосуға әзірмін, – деді Қазақстан Президенті.

Серджо Маттарелла Қасым-Жомарт Тоқаевқа қонақжайлық танытқаны үшін алғыс айтып, өзара қарым-қатынасты одан әрі арттырудың маңызына тоқталды.

– Сіздің былтыр қаңтар айында Римге жасаған сапарыңыздан кейін Астанада кездескеніме қуаныштымын. Өзіңіз атап өткендей, елдеріміз арасындағы қарым-қатынас ұдайы нығайып, тығыз әрі табысты сипат алды. Екі елдің сауда-экономикалық, мәдени салалардағы ынтымақтастығы жылдан жылға ілгерілеуде. Университеттер арасында серіктестік жолға қойылғанын көріп отырмыз. Достық көңіліңізге алғыс айтамын, – деді Италия Президенті.

Тараптар екіжақты қарым-қатынастың негізгі бағыттары, сондай-ақ өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер туралы пікір алмасты.

КЕҢЕЙТІЛГЕН ҚҰРАМДА КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Серджо Маттарелланың келіссөзі екі ел делегацияларының қатысуымен кеңейтілген құрамда жалғасты.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Италия арасындағы көпжоспарлы ынтымақтастық берік саяси диалогқа, қарқынды сапарыңыз өзара қарым-қатынастың маңызды кезеңі ретінде ынтымақтастығымыздың одан әрі нығаюына берік негіз қалады. Бұл қадамдар серіктестігімізге барлық бағытта ерекше сипат береді. Мәдениет саласындағы ықпалдастығымыз белсенді дамып келеді. Италия Астанада Орталық Азиядағы алғашқы Мәдениет орталығын ашады. Елорданың бір көшесін Марко Полоның құрметіне атау туралы ұсынысыңыз қос мемлекеттің байланысын одан әрі тереңдетуге бейіл екеніңізді көрсетеді. Бұл қолдауыңыз үшін Сізге шынайы ризашылығымды білдіремін, – деді Серджо Маттарелла.

Келіссөз соңында тараптар Президент Серджо Маттарелланың ресми сапары Қазақстан – Италия қарым-қатынасы тарихының жаңа парағын ашатынына сенім білдірді.

«ДОСТЫҚ» ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Италия Президенті Серджо Маттареллаға Италияның ең жоғары наградасы – «Италия Республикасына сіңірген еңбегі үшін» орденін тапсырды.

– Еліміздің бұл жоғары наградасы Италиямен достық қатынасты нығайтуға үлес қосқан мемлекеттер басшыларына ғана беріледі. Сіздің әлемдік тәртіпті қамтамасыз етуге және бейбітшілікті қолдауға бағытталған қызметіңізді жоғары бағалаймыз. Сондай-ақ Италия мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастықты дамытуға ұдайы атсалысып келе жатқаныңыз үшін ризашылық білдіреміз. Сізге табысталып отырған бұл марапат – біздің Республикамызға сіңірген еңбегіңіздің бағасы, – деді Италия Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Серджо Маттарелланың қолынан Италияның жоғары мемлекеттік наградасын алу зор мәртебе екенін жеткізіп, алғыс айтты.



Ақордада Италия Президентін салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Онда Мемлекеттер басшылары бір-біріне делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылы ротасының бастығы рапорт беріп, екі елдің мемлекеттік әнұрандары орындалды.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Италия арасындағы көпжоспарлы ынтымақтастық берік саяси диалогқа, қарқынды экономикалық серіктестікке және тығыз мәдени-гуманитарлық байланыстарға арқа сүйейтінін атап өтті. Серджо Маттарелланың Астана мен Рим арасындағы серіктестікті нығайтуға айтарлықтай үлес қосқанына назар аударылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев былтыр Римге жасаған ресми сапары барысында Қазақстан – Италия ынтымақтастығына тың серпін берген маңызды уағдаластықтарға қол жеткізілгеніне тоқталды.

– Италия Қазақстанның үш ірі сауда серіктестерінің бірі болып қала береді. Экономикалық ықпалдастығымыз өте қарқынды дамып келеді және оны одан әрі арттырудың әлеуеті зор. Сіздің еліңіздің экспортты ұлғайту жөніндегі жоспарын құптаймыз. Италияның соңғы жиырма жылда экономикамызға құйған инвестициясы 7,6 миллиард долларға жетті. Бүгінде қазақ жерінде 250 италиялық компания табысты жұмыс істеп жатыр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы ынтымақтастықты тереңдетудің перспективті бағыттарын айқындады. Оның ішінде аса маңызды шикізат материалдары, мұнай химиясы, машина жасау, көлік-логистика, жеңіл өнеркәсіп, тағам өнімдерін қайта өңдеу, жасанды интеллект, қаржы, туризм және білім беру салаларына баса мән берілді.

Тараптар екі ел БҰҰ мен басқа да халықаралық ұйымдар аясында белсенді ықпалдастық орнатқанын атап өтті. Жемісті жұмыстардың үлгісі ретінде «Орталық Азия плюс» диалог алаңын, сондай-ақ биыл мамыр айында Астанада өткен «Орталық Азия – Италия» бірінші саммитін айтуға болады. Қазақстан тарапы Италияның аталған бастаманы іске асыруға қолдау көрсеткенін жоғары бағалады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Италия Премьер-министрі Джорджа Мелонимен өткен достық кездесуді, сондай-ақ оның Астана халықаралық форумында басты спикер ретінде баяндама жасағанын ықыласпен еске алды.

Кездесуде тараптар мәдени-гуманитарлық ықпалдастық мәселелеріне де ерекше көңіл бөлді. Осы орайда Қазақстан Президенті Астананың орталық көшелерінің бірін саяхатшы Марко Поло есімімен атау жөнінде шешім қабылданғанына тоқталып, мұны қос мемлекеттің берік достығының символы ретінде қарастыратынын мәлімдеді.

Италия Президенті серіктестікті одан әрі нығайтудың маңызын атап өтіп, екі ел арасындағы сенімді диалог пен өзара түсіністікті нығайтуға қосқан үлесі үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылығын жеткізді.

– Біз үшін бұл сапардың мәні зор. Сіздің былтыр Римге жасаған Еуропа одағындағы маңызды әрі сенімді стратегиялық серіктесі. Бүгінде екі ел арасында берік достық пен сыйластыққа негізделген байланыс орнады. Барлық деңгейдегі ықпалдастығымыз қарқынды дамып келе жатыр. Италия Президенті осы оң үрдіске қолдау білдіріп, елеулі үлес қосып келеді. Мен мұны жоғары бағалаймын. Сол себепті бүгін мен жоғары мәртебелі Президент Серджо Маттарелла мырзаға бірінші дәрежелі «Достық» орденін табыстадым, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордадағы келіссөздерден кейінгі бірлескен мәлімдеме барысында.

Мемлекет басшысы қазақ халқының Италия халқына деген құрметі ерекше екенін баса айтты.

– Екі ел арасындағы өзара тығыз қарым-қатынас дәстүрлі достыққа негізделген. Біз Италияның бүкіл әлем өркениетінің дамуына қосқан зор үлесін мойындаймыз. Бұл марапатты қазақ елінің сізге және сіздің еліңізге деген риясыз көңілі деп қабылдаңыз, – деді Президент.

ЕҢ ЖОҒАРЫ ОРДЕН ТАПСЫРДЫ

Қазақстанға ресми сапармен келген Серджо Маттарелла Қасым-Жомарт Тоқаевқа Италияның ең жоғары наградасы – «Италия Республикасына сіңірген еңбегі үшін» орденін тапсырды.

– Еліміздің бұл жоғары наградасы Италиямен достық қатынасты нығайтуға үлес қосқан мемлекеттер басшыларына ғана беріледі. Сіздің әлемдік тәртіпті қамтамасыз етуге және бейбітшілікті қолдауға бағытталған қызметіңізді жоғары бағалаймыз. Сондай-ақ Италия мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастықты дамытуға ұдайы атсалысып келе жатқаныңыз үшін ризашылық білдіреміз. Сізге табысталып отырған бұл марапат – біздің Республикамызға сіңірген еңбегіңіздің бағасы, – деді Италия Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Серджо Маттарелланың қолынан Италияның жоғары мемлекеттік наградасын алу зор мәртебе екенін жеткізіп, алғыс айтты.

Қараша айына жоспарланған Қазақстан Республикасы Президентінің Ресей Федерациясына бірінші мемлекеттік сапарына дайындық қызу жүріп жатыр. Бұл туралы Алматыда өткен Қазақстан – Ресей медиафорумында РФ Президентінің баспасөз хатшысы Дмитрий Песков мәлім етті.

СӘТТІ САПАР БОЛАТЫНЫНА СЕНІМДІ

– Біз қараша айына Ресей Федерациясына жоспарланған ҚР Президентінің мемлекеттік сапарына дайындық жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Дайындық әртүрлі бағытта жүргізіліп жатыр. Дипломаттар, парламенттер мен БАҚ бірлесе жұмыс атқарады, – деді Кремль өкілі.

Ол алдағы шараның маңыздылығы мен ауқымдылығына тоқталды.

– Жауапкершілік өте зор және біз сапарды асыға күтеміз. Жоғары деңгейлі байланыстар барысында пысықталатын құжаттардың қомақты пакеті дайындалып жатыр, – деп қосты Дмитрий Песков.

Айтуынша, қабылдаушы мемлекет сапардың жоғары деңгейде өтуі үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды.

– Біз сапардың сәтті болатынына сенімдіміз. Қабылдаушы ел ретінде біз барлығын барынша жоғары деңгейде жасауға дайындалып жатырмыз, – деді ол.

Медиафорум барысында Дмитрий Песков сондай-ақ Ресей мен Қазақстан екі тәуелсіз мемлекет болғанымен, тарихи мұрасы ортақ екенін және бірлесе даму әлеуетіне ие екенін айтты.

ТАҒАЙЫНДАУ

Мемлекет басшысының Жарлығымен Жаслан Мәдиев Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі болып тағайындалды. Ведомство басшысы Жолдауда айтылған Қазақстанды цифрлық мемлекетке айналдыру жөніндегі мақсатты іске асырумен шұғылданады. Президент министрге стратегиялық маңызы зор жұмысты атқаруға қатысты бағыт-бағдар берді.

***

Мемлекет басшысының Жарлығымен Жұлдыз Досбергенқызы Сүлейменова Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі болып тағайындалды.

Жаңа министр қоғамдағы белсенді қызметімен және білім беру саласындағы мол тәжірибесімен белгілі. Ол Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің VII және VIII шақырылымдарының депутаты болды. PhD докторы, Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық құрылтайдың мүшесі.

КӘСІПТІК БІЛІМНІҢ ЖАЙЫ ҚАРАЛДЫ



Астана қаласы мәслихатының кезекті сессиясында негізгі мәселе ретінде елорданың техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту жұмысы қаралды. Қала әкімінің орынбасары Евгений Глотов қатысқан жиында сондай-ақ кадрларды нысаналы даярлау, колледждерде білім беру сапасын арттыру үшін KPI енгізу мәселелері талқыланды.

Кезекті сессия басталар алдында шығып кеткен депутаттың орнына Amanat партиясының партиялық тізімі бойынша сайланған Талғат Дүйсековке депутаттық мандатты тапсыру рәсімі өтті. Аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Бейсенбай Жұмабеков Талғат Дүйсековтің мәслихат құрамына кіргенін ресми растай отырып, куәлік пен төсбелгіні табыс етті. Мәслихат төрағасы Табиғат Зейнұлқабден өз кезегінде жаңадан сайланған депутаттың өмірбаянымен таныстырып, жұмыстың басталуымен құттықтады.

Сессия алдында депутаттар елорда колледждеріне барып, оқу орындарының материалдық-техникалық базасымен танысып, басшылық және педагогикалық құраммен проблемалық мәселелер мен саланы дамыту жөніндегі ұсыныстарды талқылады.

Қазіргі таңда Астана колледждерінде 38 мыңнан астам студент білім алуда. Тек 2024 жылдың өзінде өндірістік автоматика, радиоэлектроника, мехатроника, автокөлікті жөндеу және пайдалану бойынша заманауи зертханалар жабдықталды. Сонымен қатар, 938 орындық жаңа жатақхана салынып жатыр. Студенттердің көбі кәсіпорындардың тапсырысы бойынша мақсатты даярлықтан өтуде, ал дуальды білім беру жүйесі 21 колледжді қамтып, жұмыс берушілермен 9 мыңнан астам шарт жасалған. 2030 жылға дейін мемлекеттік тапсырыс бойынша 10 мыңнан астам маман даярлау жоспарланып отыр.

Негізгі мәселе бойынша білім басқармасы басшысының орынбасары Маржангүл Қайырбаева баяндама жасады. Ол Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында ел экономикасын білікті кадрлармен қамтамасыз етудегі техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің маңыздылығы айтылғанын атап өтті.

Баяндамашының айтуынша, Астана сұранысқа ие мамандықтар бойынша жастарды даярлау үдерісіне қосылды. Елордада 32 колледж жұмыс істейді. Соның 9-ы – мемлекеттік, 23-і – жекеменшік. Колледждерде кадрларды даярлау 76 мамандық және 126 біліктілік бойынша жүргізіледі. Мемлекет басшысының тапсырмалары шеңберінде жүйелі жұмыс жүргізілуде. Атап айтқанда, жастарды сұранысқа ие мамандықтар бойынша 100 % тегін оқытуды қамтамасыз ету жоспарлануда. Соңғы 5 жылда 40 мыңнан астам грант бөлінді. Оның 70 %-ы жұмысшы мамандықтарына бөлінді, сондай-ақ жетекші экономикалық салаларды айқындайтын жаңа мамандықтар картасы құрылды. Соңғы екі жылда колледждер бірқатар жаңа мамандықтарға лицензия алды.

Сондай-ақ сессияда қалалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия жұмысының есебі тыңдалып, коммуналдық қалдықтарды басқару, кәсіпкерлікті қолдау, бұған дейін айтылған ұсыныстар мен ескертулердің орындалуы мәселелері қаралды.

Құрметті Астана қаласының ардагерлері !

Сіздерді қалалық Ардагерлер кеңесінің атынан 1 қазан – Халықаралық қарттар күнімен құттықтаймыз !

Биыл Ұлы Жеңістің 80 жылдығында тұспа-тұс келген Қарттар күні баршамыздың ортақ мерекемізбен шын жүректен құттықтау – біз үшін айрықша қуаныш.

Уақыт өтсе де, ұрпақ алмасса да, ардагерлерге деген құрмет – олардың Отанға адалдығы мәңгілік. Сіздерді тек Отан қорғаушылар, тылдағы қажырлы еңбеккерлер ғана емес, кең жүректі, өмірді сүйетін, айналаға шаттық сыйлай білетін тамаша адамдар ретінде біледі. Сіздер жүректеріңізде асқақ рухты сақтап, мейірім мен сұлулықтың ең ауыр кезеңдерде де қадірлі екенін еске салдыңыздар. Еңбек даңқы қаласы Сіздердің елордамыз үшін жасаған еңбектеріңізді ұмытпайды. Астананың еңбек шежіресі қаланың алғашқы құрылысшыларының есімдерін асқан құрметпен сақтап келеді. Зейнеткерлікке шыққандарыңызбен, бүгінде де елорда өміріне белсене араласып, оның көркеюі мен дамуына үлес қосып, Астананың үздік қала болуына күш салып келесіздер!

Сіздер – асыл дәстүрлердің сақтаушылары, қайсарлық пен мейірімнің, қамқорлықтың үлгісісіздер. Сіздердің даналықтарыңыз бен өнегелі жолдарыңыз жас ұрпаққа әрдайым бағдар болып келеді.

Сіздер үшін «Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтары», геронтологиялық кабинеттер, шипажайлар жұмыс істейді. Біз үшін ең маңыздысы – Сіздердің денсаулықтарыңызды сақтау және ғұмырларыңызды ұзарту.

Сіздерге зор денсаулық, өмірлік оптимизм, қоғам игілігі жолындағы белсенді ұзақ ғұмыр тілейміз. Әрбір жаңа күндеріңіз қуанышқа толы болып, жақындарыңыздың ықыласы жан мен жүрегіңізді жылытып жүрсін!

Мерекелеріңіз құтты болсын!

350 ТОННА ӨНІМ ЖЕТКІЗДІ

Астанада Алматы, Маңғыстау және Жетісу облыстарының ауыл шаруашылығы өндірушілері өз өнімдерін ұсынған кезекті ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өтті.



Үш өңірдің тауарөндірушілері елордада шамамен 350 тонна өнім сатты. Өнімнің ішінде сөрелерге 110 тонна көкөніс, 50 тонна жеміс-жидек, 35 тонна ет пен ет өнімдері, 20 мың дана жұмыртқа, 14 тонна балық, 10 тонна сүт өнімдері, 6 тонна қант, 6 тонна күріш, 5 тонна бал және 100 тоннадан астам басқа да тауарлар қойылды.

Қаланың Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасында атап өтілгендей, сатып алушылар арасында ет пен ет өнімдері, сүт өнімдері, сондай-ақ көкөністер мен жемістер ең үлкен сұранысқа ие болды. Жәрмеңкеде өңірлерден келген шығармашылық ұжымдар мен әртістердің өнері жұрттың көңілін көтерді.

LRT: СЫНАҚТЫҚ ПАЙДАЛАНУ БАСТАЛДЫ

29 қыркүйектен бастап Астанада жеңіл рельсті көлік жүйесінің сынақтық пайдалануы басталды. Бұл – инфрақұрылымның техникалық дайындығын, қозғалыс қауіпсіздігін және жолаушылар үшін қолайлылығын тексеруге мүмкіндік беретін маңызды кезең.



Елордадағы LRT жүргізушісіз қозғалады. Сынақ барысында мамандар рельстерді, станцияларды, байланыс желілерін, жылжымалы құрамды, қауіпсіздік пен қозғалысты басқару жүйелерін тексереді. Ерекше назар қызметкерлерді дайындауға, төтенше жағдайлардағы іс-қимылдарға және LRT басқа көлік түрлерімен интеграциялауға аударылады.

LRT құрамдары GoA4 аппараттық-бағдарламалық кешенімен жабдықталған – бұл толық автоматтандырылған басқару жүйесі: қозғалыс, арақашықтықты сақтау, тоқтау, есіктерді ашу және жабу, деподан шығу және кіру, жуу жұмыстары оператордың қатысуынсыз жүзеге асырылады.

«GoA4 – рельсті көлікті автоматтандырудың ең жоғары деңгейі, жаңа желілерді салу немесе қолданыстағы желілерді жаңғырту кезінде көптеген қалалар ұмтылатын стандарт. Метро мен LRT жүйелері үшін бұл тиімділікті, қауіпсіздікті және басқа көлік түрлерімен салыстырғанда бәсекеге қабілеттілікті арттыруды білдіреді. Бүгінде GoA4 Сингапурде, Дубайда және Қытайда енгізілген, дәл осындай заманауи деңгей Астанада да іске асырылады» деп атап өтті «City Transportation Systems» ЖШС Басқарма төрағасы Асылбек Дүйсебаев.

АВТОКӨЛІК ФЕСТИВАЛІ

Елордада «Астана – есірткісіз қала» ұранымен «BMW fest» автокөлік фестивалі өтті. Іс-шара нашақорлық қылмысына қарсы күреске арналған айлық аясында ұйымдастырылды.

Астанада нашақорлық қылмысына қарсы айлық жалғасып жатыр. Бұл бағытта астаналық полиция прокуратураның үйлестіруімен кешенді шараларды жүзеге асыруда. Автофест форматы жастарға жақын әрі қызықты болғандықтан таңдалды, сондай-ақ ол белсенді тұрғындарды да тартты.

Фестиваль алаңына автокөлік әуесқойлары жиналып, түрлі сайыстар мен көрсетілімдер өтті. Іс-шара салауатты әрі белсенді өмір салтын насихаттауға, сондай-ақ жастардың есірткіге теріс көзқарасын қалыптастыруға бағытталды. Қатысушылар мен көрермендерге өз денсаулығына жауапкершілікпен қараудың маңыздылығы және зиянды әдеттерге тоқтау салыну қажеттілігі еске салынды.

ЕҢБЕК КҮНІНЕ АРНАЛДЫ

Биыл елордадағы велосипед маусымы «Менің жетістігім – менің нәтижем» атты велошерумен аяқталды. Іс-шара Еңбек күніне орай ұйымдастырылды.

Веломаусымның жабылуы биыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында ұйымдастырылды. Астана қаласы Денешынықтыру және спорт басқармасының хабарлауынша, велошеруге қалада велосипедпен жүруді сүйетін барлық жан қатысты. Олардың арасында жұмысшы мамандық иелері де көп болды. Олар – слесарьлар, сантехниктер, электриктер, аула сыпырушылар және астаналықтардың өмірін жайлы әрі қауіпсіз ететін барлық жандар. Веломаусымның жабылуы тек спорттық оқиға ғана емес, сондай-ақ бірлік, салауатты өмір салты мен еңбекке құрметтің символына айналды. Сонымен бірге астаналықтар үшін бұқаралық спорттың маңыздылығын айқындай түсті.

Жарысқа қатысуға барлық қала тұрғыны шақырылды, жалғыз талап жеке велосипедінің болуы болды. Спорттық іс-шараға шамамен 700 адам қатысты. Олар 25 шақырымдық қашықтықты еңсерді. Старт сақиналы веложолдан Қосшы бағытына қарай беріліп, мәреге велосипедшілер Үркер тұрғын алабындағы «Жасыл белдеу» саябағында жетті. Қатысушылар арасында бағалы сыйлықтар, соның ішінде он велосипед ойнатылды.



№115 (4859) 30/09/2025 Сейсенбі

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ



ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ БАСТАЛДЫ

Биыл Астанада ауа райының күрт салқындауына байланысты жылыту маусымы 28 қыркүйекте басталды. Қазіргі таңда нысандарға жылу беру кезең-кезеңімен жүргізіліп жатыр. Олар 30 қыркүйекке дейін толықтай қосылып бітеді.

Астана қаласы Энергетика басқармасының басшысы Нұрлан Көпешовтің айтуынша, жылыту маусымына дайындық кезінде келесі жұмыстар орындалды: Энергия көздері бойынша №1 ЖЭО-ның дайындығы 100%-ды (1 құбыр күрделі жөнделді және 9 қазандық пен 2 құбырға ағымдағы жөндеу жүргізілді), №2 ЖЭО-ның дайындығы 99 %-ды (2 қазандық пен 1 құбыр күрделі жөнделді және 9 қазандық пен 5 құбырға ағымдағы жөндеу жүргізілді) және аудандардағы қазандықтардың дайындығы 100%-ды құрады.

– Қолда бар жылу қуаты сағатына 4104 Гкал құрайды, оның ішінде: №1 ЖЭО-да – 794 Гкал/сағ; №2 ЖЭО-да – 1 917 Гкал / сағ; №3 ЖЭО-да – 468 Гкал/сағ; «Оңтүстік-Шығыс» МВК – сағатына 350 Гкал; «Тұран» МВК 575 Гкал/сағ; Аудандық қазандық-сағатына – 46,09 Гкал/сағ. Көмір қоры: №1 ЖЭО-да – 33 431 тонна; №2 ЖЭО-да – 354 181 тонна; Мазут қоры (жағу үшін): №1 ЖЭО-да – 3 018 тонна; №2 ЖЭО-да – 4 231 тонна. «Астана-Энергия» АҚ бойынша жалпы дайындық 99% құрайды. Энергетика басқармасының жылу көздері бойынша №3 ЖЭО-ның көмір бөлігінде, күл үйіндісі, сондай-ақ «Тұран» газ жылу станциясының құрылысы жалғасуда, – деді Нұрлан Көпешов.

Жылу желілері бойынша «Астана-Теплотранзит» АҚ жұмысы аясында 7,7 км жылу желілерін ауыстыру жұмыстары жүргізілуде (ағымдағы жөндеу – 1,5 км, қайта жаңарту – 6,2 км). Сондай-ақ қолданыстағы жылумен жабдықтау желілерін сығымдау 100% аяқталды. Жалпы дайындық – 100%.

Нұрлан Маратұлының айтуынша, Астана қаласының энергетика басқармасының жұмысы аясында №14 жылу магистралінің және елорданың сол жағалауында жылу желілерінің құрылысы, салынып жатқан «Эллингтон» перспективалы ойын-сауық орталығының ауданында жылу желілерін салу жүргізіліп жатыр. Электрмен жабдықтау желілері бойынша «Астана-АЭК» АҚ бойынша электр желілерінің жалпы дайындығы 100%-ды құрайды.

Инвестициялық бағдарлама шеңберінде «Астана-АЭК» АҚ-да ӘЖ/КЛ-10/0,4 кВ – 79,015 км және РП/ТП-10/0, 4 кВ – 64 дана күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізілуде.

Басқарманың электрмен жабдықтау желілері бойынша 110/20 – «Арай» КС құрылысы, сондай-ақ аудандарда – «Нұрлыжол» вокзалы, «Бытығай», Мәңгілік ел даңғылында (Ұлттық банк) және Қорғалжын тас жолында, № 1 Индустриялық парк, Тұран даңғылының оңтүстік-батыс ауданында, сондай-ақ БЖК жобалары бойынша 12 РП/ТП құрылысы жүргізілуде.

Газбен жабдықтау желілері бойынша «QazaqGazAimaq» АҚ-ның жылыту маусымына жалпы дайындығы 100%-ды құрайды.

Жылыту маусымына дайындық шеңберінде – 52 ГРП, 118 МГРП техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар, сондай-ақ 26 ГРП, 59 МГРП және 277 ШРП ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстар орындалды.

Энергетика басқармасында тұрғын алаптардың тұрғындарын табиғи газбен қамтамасыз ету бойынша жобаларды іске асыру жүргізілуде. Бүгінгі күні Шұбар тұрғын алабында 7,9 км газ құбырына апаратын жолдың 6,9 км-іне, Тельман тұрғын алабының 6,7 км-ге жеткізетін газ құбыры бойынша 6,6 км-іне және Кирпичный тұрғын алабының теміржол бойына 16,8 км жолының 15,0 км-іне газ жүргізілді.

Басқарма басшысы жанармай жағдайы бойынша жеке тұлғалар үшін газ тарифі – текше үшін 50,4 тг. екенін ескере келе, көмір көлемі бойынша күзгі-қысқы маусымда көмірге қажеттілік 300 мың тоннаны құрайтынын жеткізді. Ақмола облысының шекаралас ауылдарының тұтынуын ескере отырып 1 мамырдан бастап 185 мың тоннаны құрайды.

Бүгінгі таңда халық үшін көмір қоры – 30,1 мың тонна. Қазіргі күні орташа Шұбаркөл көмірінің тоннасы – 18 000 тг; Қаражыра көмірінің тоннасы 18 500 тг және Майкөбе көмірінің тоннасы – 15 500 тг. Жалпы, Астана қаласы бойынша халық үшін 10 қойма, яғни 14 көмір сату нүктесі бар.

– Дизель отыны бойынша айтар болсақ, бүгінгі таңда Астанада мұнай базаларындағы дизель отынының қоры – 37,7 мың тонна (37 күндік қор), оның 1 литрінің бағасы – 317 тг. Елорданың сұйытылған мұнай газына қажеттілігі 8,7 мың тоннаны құрайды. Бүгінгі таңда қор 1,8 мың тонна болса, автогаз бағасының бір литрі – 112 теңге. Тұрғын үй қоры объектілерін жылыту маусымына дайындау бойынша жұмыс жоспарлы тәртіппен жүргізілуде. Қазіргі таңда қаладағы 3488 үйдің 3488-і және әлеуметтік мәдени тұрмыстық 247 үйдің 247-сі, яғни нысандар 100% жылумен қамтылған, – деді Нұрлан Көпешов.

КӨМІР ҚАЙДА САТЫЛАДЫ?

Биыл елордада көмір сататын 11 қойма жұмыс істейді. Олардың аумағында 14 сату орны бар. Барлығы тиісті инфрақұрылыммен және тиеу-түсіру техникасымен қамтамасыз етілген, деп хабарлады Elordainfo.kz қала әкімдігінің ресми сайтына сілтеме жасап.

Бұл орындарда 8 компания қызмет көрсетеді. Олар мына мекенжайларда орналасқан: Герцен көшесі, 4/1; Герцен көшесі, 6/2; Көктал, 28/2; Мағат, 40; Жамбыл Жабаев көшесі, 76; Ахмет Жұбанов көшесі, 35; Дулатов көшесі, 182/1; 85-ші көше (ЖЭО-3 ауданы), уч. 9А; Герцен көшесі, 6Б.

Қазіргі таңда Астанада көмірдің орташа бағасы:

- Шұбаркөл – тоннасы 18 000 теңге;
- Қаражыра – тоннасы 18 500 теңге;
- Майкөбе – тоннасы 15 500 теңге.

Айта кетейік, қалада «109» нөмірлі жедел желі жұмыс істейді. Онда көмірдің қолжетімділігі, бағасы мен сату орындары туралы ақпарат беріледі.

ЕҢБЕК АДАМЫНА – ҚҰРМЕТ



Еңбек күні қарсаңында елорданың Байқоңыр ауданында коммуналдық қызметкерлер мен еңбек әулеттерінің өкілдеріне құрмет көрсету рәсімі өтті.

Салтанатты іс-шара барысында коммуналдық кәсіпорындардың үздік қызметкерлеріне алғыс хаттар табысталды.

Құттықтау мен марапаттау рәсімі мерекелік концертпен жалғасын тапты.

Сонымен қатар «Таза Қазақстан» ауқымды экологиялық акциясы аясында Абай даңғылы бойындағы Коммуналшылар гүлзарында ағаш отырғызу іс-шарасы ұйымдастырылды.

– Бүгін біз астаналықтардың өмірін жайлы әрі қауіпсіз ету үшін күнделікті еңбек етіп жүрген мамандарды құттықтаймыз. Еңбек әулеттерін ұлықтай отырып, коммуналдық сала қызметкерлеріне үлкен алғысымызды білдіреміз. Іс-шараның «Коммуналшылар гүлзарында» өтуі де символдық мәнге ие. Бұл жер тек демалыс орны ғана емес, елорданың тазалығы мен тәртібін қамтамасыз етіп жүрген жандарға құрметтің белгісіне айналды» деді Байқоңыр ауданы әкімінің орынбасары Азамат Малыбаев.

Жиынға «Астана Су Арнасы», «Астана-Зеленстрой», «Астана тазалық», Астана АЭК, «Астана-Теплотранзит» сияқты коммуналдық кәсіпорындардың өкілдері қатысты.

– Жұмысшы мамандығының иесі ретінде бүгін ерекше толқып тұрмын. Бұдан бөлек, әріптестеріммен пікір алмасу мен кәсіби ортада әңгімелесу үшін ерекше әсер қалдырды. Мұндай шаралар тек шабыттандырып қана қоймай, өз ісіңе деген жауапкершілігіңді арттыра түседі, – деді марапатталғандардың бірі Айтолқын Исабаева.

Астанада «Таза Қазақстан» экологиялық айлығы аясында тарихи-мәдени ескерткіштердің аумағын абаттандыру мен тазартуға арналған «Тарих пен мәдениет тынысы» апталығы басталды.

АБАТТАНДЫРУ АПТАЛЫҒЫ АЯСЫНДА

Тарихи және мәдени ескерткіштердің аумағын абаттандыру және тазарту мақсатында ұйымдастырылған іс-шараның алғашқы күні елордалық Мәдениет басқармасының қызметкерлері мен оған қарасты 14 ұйым өкілдері «Қаламгерлер аллеясында» орналасқан «Алаш қайраткерлері» және «Үш арыс» ескерткіштерінің аумағында тазалау және абаттандыру жұмысын жүргізді.

Мұндай шаралар алты тарихи ғимараттың аумағында да өткізілді.

– Біз – өз қаламызды жақсы көреміз, мұндай акциялар оны іспен дәлелдеудің ең тиімді тәсілі. Астананың таза, әсем әрі жайлы болғанын қалаймыз, – деді Қуыршақ театрының актері Нұрасыл Ыбырайхан.

Қазіргі таңда Астанада шамамен 60 тарихи-мәдени ескерткіш пен 33 тарихи ғимарат бар. Экологиялық акция аясында 40-тан астам іс-шара өткізу жоспарланып отыр.

– Тазалау және абаттандыру жұмысы Бауыржан Момышұлына, Сәкен Сейфуллинге, Жамбыл Жабаевқа, Керей мен Жәнібек хандарға арналған ескерткіштердің, сондай-ақ басқа да тарихи-мәдени нысандардың аумағында жалғасын табады. Бұл бір реттік шара емес, біз мұндай жұмысты жүйелі түрде жүргіземіз. Әр бейсенбіде қалада ескерткіштерді күтіп-баптау іс-шаралары өтеді. Біздің басты мақсатымыз – вандализм әрекеттерінің алдын алу және ұлттық мұраға құрметпен қарауды қалыптастыру, – деді Астана қаласы Мәдениет басқармасының Ескерткіштерді қорғау бөлімінің бас маманы Ақерке Тұяқбаева.

Экологиялық апталық 3 қазанға дейін жалғасады.



№115 (4859) 30/09/2025 Сейсенбі

«ШАРАПАТ» ШУАҒЫ

БҰҰ Бас Ассамблеясының ресми бекітуімен 1991 жылдан бері 1 қазанда Халықаралық қарттар күні аталып өтеді. Осыған орай, Астанада елордадағы жалғызбасты немесе қамқорлыққа зәру қарттарды қабылдайтын «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығына барып, мекеменің бүгінгі тыныс-тіршілігімен таныстық.





Райхан РАХМЕТОВА

Елордаға Көктал тұрғын алабында орналасқан «Шарапат» орталығына сағат 14:00 мен 16:00 аралығындағы «Тыныштық уақыты» кезінде барғандықтан, ғимараттың іші-сыртынан кіріп-шыққан адам қарасы көрінбеді. Бізді қарсы алған орталық директорының орынбасары Сәуле Қайырова 36 жылдық тарихы бар мекеменің бүгінгі өмірін баяндап, ішін аралатып көрсетті. Оның айтуынша, «Ата-анасын қартайғанда бақпай, осында әкеліп, тастап кетті» деген бұрынғы қасаң түсінік қазір жоқ, себебі қазір зейнетке шыққан қарттар әртүрлі әлеуметтік және өмірлік жағдайына қарай мұнда өз еркімен, өз аяғымен келеді. Оған орталықта 8 түрлі бағытта көрсетілетін қызметтер, ішкі көңіл күй және ғимараттағы басқа да жайлы жағдай оң әсерін беруде. Бір айта кетерлігі, мұнда осындай қарттармен қатар 18 жастан жоғары I және II топтағы мүгедектер те қабылданады. Қазір барлығы 344 адам орталықты мекен етуде. Олардың 211-і – зейнет жасындағы, басқа адамның көмегі мен күтіміне мұқтаж жалғызбасты қарттар, қалғаны – мүгедектігі бар жандар.

– Мекеме 1989 жылы Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арнап ашылғанмен, қазіргі таңда жалғызбасты қарияларға ғана емес, мүмкіндігі шектеулі жандарға да қамқорлық көрсетуде. 4,8 гектар аумақта орналасқан әлеуметтік қызмет көрсету орталығы инфрақұрылымы дамыған кішкентай қала десе болады. Қазіргі заманға сай жөнделген ғимарат 4 тұрғын блоктан тұрады. Әкімшілік блок, асхана, кір жуатын бөлме, монша, бассейн, діни рәсімдер үйі, жеке қазандық, автогаражы, жылыжайы, стадионы, тренажер аймағы, физио емдеу, гидромассаж ваннасы, кино залы, тұзды шахтасы бар. Барлық қажетті жиһазы мен тұрмыстық электр техникасы алынған жайлы бөлмелердің арқасында олар өздерін өз үйінде сияқты сезінеді. Әр бөлмеде әжетхана, душ, теледидар, тоңазытқыш және тұрмысқа қажетті бүкіл ұсақ-түйек бар. Тірек-қозғалыс жүйесінің қызметі бұзылған жандарға лифт пен пандус қарастырылған. Күніне 5 мезгіл тамақ ішеді. Жалпы қарттар мұнда емін-еркін өмір сүреді, – дейді С.Қайырова.

Осы қызметтерді көрсету үшін орталықта 302 адам еңбек етеді. Әр әлеуметтік қызметкерге 50 адамнан бөлінген, олар сынып жетекшісі сияқты қарттарды бағыттап, мінез-құлқын бақылап, жағдайын қарап отырады.

– Олардың ішінде психологтар, тазалықшылар, дәрігерлер, медбикелер, нұсқаушылар, мәдени іс-шараларды ұйымдастырушылар және басқа да мамандар бар. Бұл жер бір құдды «Ересектерге арналған балабақша» іспетті, бірақ балабақшадан айырмасы мұнда олар үнемі тұрады. Мұндағы өмір қызықты, күн сайын бір іс-шара өтіп жатады. Жыл бойы қандай мереке болады, соның бәрін атап өтеміз, мысалы, жуырда «Күзгі балл» өтті. Арасында бұрынғы мұғалімдер, құрылысшылар, теміржолшылар болғандықтан, осы және басқа да мамандықтар бойынша мереке күндерін қалдырмаймыз. Үлкен акт залында ауқымды бағдарламалар өтеді. Оған қоса, түрлі мәдени мекемелер бізге келіп концерт береді, өздеріне, театрларға тегін билет беріп, шақырады, – дейді орталық өкілі.

Мұнда түрлі тағдыр иесі өмір сүреді. Бірі өмір бойы жұмыс істеп, отбасын құрмай қалған болса, бірі ертеректе ажырасып, балаларымен мүлдем араласпай кеткен, бірі денсаулығына байланысты үйінде қарайтын адам болмай өздері келген. Мұнда өмірінің соңына дейін қалатындар да бар, 2-3 жылдан кейін шығып кететіндер де кездеседі. Ең көбі қазір 31 жылдан бері тұрып жатыр. Орталықта жылына 30-40 адам қайтыс болады, 45-50 адам шығып кетеді. Шығып кететіндердің бірқатары өз еркімен болса, бірі осы жерден жұбын тауып, неке құрып, бөлек тұра бастайды, ал тағы біразы орталықтың ішкі тәртібіне бағынбай шығады.





1-блокта өзі жүріп тұратын, өзіне қарай алатындар тұрса, 2-блокта инсульт алған, қауіпті дерті анықталғандар тұрады. 3-блокта таяқпен, ходунокпен жүретіндер өмір сүрсе, 4-блокта орнынан тұра алмайтын, тек жататын қарттар мекендейді. Олардың бәріне күні-түні медбикелер мен тазалықшылар қызмет көрсетеді. Орталықтың ең кәрі тұрғыны – 100 жастағы Надежда әже. Ұлттық сипатына келгенде, көбі – қазақтар, 151 қазақ, 139 орыс, 10 татар, 16 украин, 26 өзге ұлттар өмір сүреді. Басым бөлігі – ер адамдар. Осында танысып, бір-бірін ұнатып, азаматтық некемен қосылатындар бар. Оларды өздерінің өтінішімен бір бөлмеге жатқызуға рұқсат етіледі. Мұнда қабылдау үшін ХҚКО мен Жұмыспен қамту басқармасы жолдама береді. Орталық сол жолдамамен ғана қабылдайды.

> Қызметтерді көрсету үшін орталықта 302 адам еңбек етеді. Әр әлеуметтік қызметкерге 50 адамнан бөлінген, олар сынып жетекшісі сияқты қарттарды бағыттап, мінез-құлқын бақылап, жағдайын қарап отырады

– Адам қартайғанда бала сияқты болатыны рас. Кейбір қарттар, мысалы, бұрын профессор болып, ғылыми жұмыстар қорғаған бір қария миға салмақ түскеннен болар, айналасын танымайды, қай кезеңде өмір сүріп жатқанын білмейді. Өзін әлі жұмыста жүрмін деп ойлайды. Ғылыми жұмыстар жаздым деп қағаз шимайлайды. Бір 60 жастағы ер адам инсульт алған соң сөйлемей қалады, содан әйелі ажырасып кетеді, туыстарының үйін жағалағанмен, олардың үйінде келіндері мен бала-шағасы қырын қарап, шайын сілкініп береді. Содан осы орталыққа келіп, мұндағы еркін өмірді көріп, бірден көшіп келуге шешім қабылдайды, – дейді Сәуле Қайырова.

Әр бөлмеге екі адамнан бөлу үшін әлеуметтік комиссия жұмыс істейді. Жасына, ұлтына, дініне, мінезіне қарай бірбірімен тіл табысады-ау деген адамдар бірге бөлінеді. Мәселен, қорылдайтын адамдар болады, оны қасындағы көршісі жақтырмаса, мүмкіндігіне қарай құлағы естімейтін адамды қоюға тырысады. Кірі жуулы, төсегі жинаулы, тамағы дайын, бөлмесі тазаланған қарттар бұл жерден кеткісі келмейді. Таңғы астан соң дәрігерлер нұсқауымен түрлі емдік шаралардан өтеді, сосын түске дейін тағы бір тіске басар жеп, ретіне қарай мерекелік іс-шараларға қатысады, түскі астан соң ұйықтап, 16:00-ден кейінгі уақытта кешке дейін өздерінің қалауымен түрлі машығын дамытумен айналысады.

– Бұл жерге Балқаштан келдім. Өмір бойы шахтада жұмысшы болдым. Әйеліммен баяғыда ажырасып кеткенмін, ол кезде балаларым 1-2 жаста еді. Қазір Ресейде тұрады деп естідім. Өмірімнің соңында жалғыз қалған соң зейнетке шыққан бойда осында келіп, 4 жылдан бері тұрамын. Биыл 69 жасқа келемін. Қасымдағы әйел – 75 жастағы мүгедектігі бар жан, екеуміз осында танысып, көңіліміз жарасқан соң азаматтық некемен бір бөлмеде тұрып жатырмыз, – дейді қарт Марат Жашкиев.

Қазақстанда қазіргі таңда 2 млн 503 мың зейнеткер тұрса, Астанадағы зейнеткерлер саны 100 мыңнан асады. «Дүние кезек» демекші, белі бүгіліп, таяқ ұстаған ақсақал мен ақ шашты әженің жасына, аман болса, бәрі де жетеді. «Қарты бар үйдің қазынасы бар» деген түсінікпен ғасырлар бойы қариясын ақылгөй, кеңесшісі ретінде құрметтеп келген қазақ заман өзгерген сайын Қарттар үйіне үйір болып, өзін асырап баққан ата-анасын қартайғанда сонда апаруды әдетке айналдырған еді. Ал «Шарапаттағы» ахуал қазір ата-әжелердің өзінің таным-түсінігі өзгеріп, амалсыздықтан ба, әлде жаһандық үрдістің дүрмегімен бе, әйтеуір, Қарттар үйінде тұрудың бұрынғыдай қор еместігіне сенетінін көрсетті. Қалай десек те, олар өмірінің көбі кетіп, азы қалғанда жалғанда жалғыз қалмай, өздерін қоғамның бір бөлігі ретінде толық сезінгісі келгеннен осындай орталықта өмір сүріп жатыр. Ләйім қарттарымыз аман-сау болсын!

ҚАЙРАТКЕР ЗЕЙНЕТКЕР

Зейнетке шыққан соң өмір тоқтамайды. Бұған ұлағатты ұстаз, білім саласының үздігі, қоғам қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, бүгіндері 90 жастың төріне жақындаса да, сергектігінен айнымаған Еркін Дәуешұлының істеген, әлі де атқарып жатқан істері айқын дәлел.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Кезінде бұл кісі ұстаздықтан бастап, жоғары лауызымды қызметтерді атқарды. Атап айтқанда, қарапайым мұғалім, мектеп директоры, Сілеті аудандық партия комитеті идеология бөлімінің, Ақкөл аудандық білім бөлімінің басшысы болды. Осы ғасырдың басында зейнетке шықты. Бірақ сонда да еңбек етуді қойған жоқ. Астана қаласындағы Қарттар үйіне педагог-психолог болып орналасты. Бұл салада 14 жылдай еңбек етті. Қарттар мен мүмкіндігі шектеулі жандардың жабырқаған көңілін демеп, туындаған мәселелерін шешті. Сол еңбегі арқылы еліміздегі әлеуметтік саладағы тұңғыш психолог атанды. Зейнет жасында «Құрмет» орденімен марапатталды.

Еркін Дәуешұлы – басылымымыздың белсенді авторы. Қаламды өміріне серік еткен жан Ақмола өңіріне еңбегі сіңген азаматтар, өзекті мәселелер жөнінде жазады. Бүгіндері Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің медиатоп мүшесі ретінде Қасым Тәукенов, Светлана Жалмағамбетова, Зейнолла Шібкенов, Кенжеболат Бәпішев, Мұхтар Еркетаев, т. б. осындай тұлғалар жөнінде мақалалары жарық көрді. Кезінде «халық жауы» болып сотталған Бәуке Құлмағамбетовтің ақталуына тікелей үлес қосты.

Еркін ақсақалдың әсіресе осы өлкеден шыққан Алаш рухты жазушы Жайық Бектұров, Кеңес Одағының Батыры, Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі, Халық қаһарманы Сағадат Нұрмағамбетов, мемлекет және қоғам қайраткері Жұмабек Тәшенев есімдері мен еңбегін насихаттауға қосқан үлесі үлкен. Соның ішінде Жайық Бектұровтың аты қаламгер туған Ақкөл қаласындағы бір көшеге және жалғыз қазақ мектебіне берілуіне мұрындық болды. «Жаны жайсаң Жайық аға» атты кітап шығарды.

«Астана-Бурабай» тасжолының бойында Еңбек ауылы бар. Соның тұсынан өтетін жолаушылар бұл ауылда Сағадат Нұрмағамбетовтей батыр туғанын білсін деп билборд орнатқызды. Мәдениет үйінің екінші қабатынан музейін ашқызды. Ақкөл қаласындағы саябаққа батырдың ескерткішін, Еңбек ауылындағы саябаққа мүсінін қойғызды. Еркін Дәуешұлының еңбегінің арқасында мектеп пен Мәдениет үйі күрделі жөндеуден өтіп, ауылға кіретін жолдар жөнделіп, көшелер жарықтандырылды.

Еркін ақсақалдың пікірінше, Жұмабек Тәшенев тарихтан әлі де өзінің лайықты орнын алған жоқ. Қарт қаламгер осы мәселені көтеріп, бірнеше мақала жазды. Соның ішінде Жұмабек Ахметұлына Халық қаһарманы атағын беруді, Аршалы ауданын оның атымен атау мәселелерін көтерді. Қазір ұсыныстары шешімін тапса екен деп жүр. Сондай-ақ өзінің кіндік қаны тамған Амангелді ауылының болашағына алаңдайды. Бұл ауылдың құрылғанына 3 жылдан кейін бір ғасыр толады екен. Бірақ қазір 40 шақты ғана отбасы қалған. Қос қабатты мектебінде небәрі 30 оқушы ғана оқиды. «Мектеп жабылса, тұрғындар бірте-бірте қоныс аударып, ауыл Қазақстан картасынан өшіп қалуы мүмкін» дейді ақсақал. Осыны болдырмас үшін бес адамнан тұратын бастамашы топ құрып, тиісті жұмыстармен айналысып жатыр.

«Президентіміздің әртүрлі жиындарда қойған тапсырмаларын Үкімет пен жергілікті билік орындап, еліміз қуатты, халқымыз бай болсын!» деген ақ ниетті ақсақалдың тілегіне біз де қосыламыз.

№115 (4859) 30/09/2025 Сейсенбі

ҚАРТТАРЫМ – АСЫЛ ҚАЗЫНАМ

Асылы, үлкенді сыйлау, оларға құрмет көрсету – ата-бабадан келе жатқан қасиет-салтымыз. «Қарты бар ел – қазыналы ел» демеуші ме еді халқымыз?! Бүгінде еңбегінің зейнетін көріп отырған ардагер қариялар ұрпақтарына игілік пен ізгіліктің, пайым мен парасаттың үлгісін танытудан жалықпаған емес. Ардақты аға буынның өмірлік тәжірибесі мен ақыл-кеңесінің, тәлім-тағылымының орны бөлек, еліміздің өсіп-өркендеуіне қосқан үлесі мен еңбегі ұшан-теңіз.



«Ата қайратты болса, бала ғибратты болады» деген сөз бар. Қарттар сабырлы, қарапайым қасиетімен жастарды мейірімді, еңбексүйгіш, абыройлы һәм Отанға, отбасына адал болуға тәрбиелейді. Осындай қадірлі жандар Астана қаласының Ардагерлер кеңесіне тіркеліп, белсенді өмір сүруде. Ардагерлер кеңесінің мақсаты – қарттардың қоғам мен мемлекет алдындағы еңбегін құрметтеу, олардың мәселелеріне назар аудару, ылғи қамқор болу.

Маңызды іс-шараларды жүзеге асыруда қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Сейітжанұлының сіңіріп отырған еңбегі орасан зор. Сансызбай Сейітжанұлы – қоғам қайраткері, Астана қаласының құрметті азаматы, экономика ғылымдарының кандидаты. Есімі Есіл өңіріне жақсы таныс. Ол – саналы ғұмырын туған өлкесін өркендетуге күш салып жүрген азамат. Кезінде мемлекеттік қызметте абыройлы еңбек етіп, бірнеше орденмен марапатталған. Осындай ардақты азамат көп жылдан бері қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы да. Бұл қызметіндегі сапалы басшылығының арқасында бүкіл аудандағы ардагерлер кеңесінің басшыларымен қоян-қолтық жұмыс атқарып, өресі биік шараларды жүзеге асыруда.

Жыл сайын Халықаралық қарттар күнінде құзырлы органдар қарттарды құттықтап, түрлі форматта мерекелік шаралар ұйымдастырып келеді. Қалалық, аудандық ардагерлер кеңесі Ұлы Отан соғысы мен тыл ардагерлерін құттықтап, марапаттайды.

Астана қаласының Алматы ауданында тұратын 102 жастағы Рзағұл Байкешев ақсақалды жылда көпшілік құттықтайды. Ол кісі тұратын аула – нағыз мерекенің ортасы, оркестр музыка ойнап, шағын парад өткізеді. Мұны тамашалаған жас ұрпақ үлкенді қастерлеуге, еліне қосқан үлесін бағалауға тәрбиеленеді. Ардагерлер кеңесінің тарапынан мұндай құрметке Ұлы Жеңістің майдангері – 99 жастағы Василий Сердюков, тыл ардагері – 91 жастағы Бапи Әшімов, Зоя Григорьевна, Евгений Галюк және басқалары да ие болуда.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күнінде астаналық ардагерлер жыл сайын «Алжир» мемориалды музей кешеніне барып, құғынға ұшыраған мемлекет және қоғам қайраткерлерінің рухына тағзым етеді. Музейді аралаған жас ұрпақ сол замандағы халқымыздың көрген азабы мен қиянатын сезініп, ардақты бабалардың әруағын қастерлейді деген сенім мол.

«Ұрпақтар сабақтастығы» жобасы аясында тыл ардагерлері мен еңбек ардагерлерінің жас мамандармен кездесуі көңілге қуат бітіреді. Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында қалалық ардагерлер ұйымдарының белсенділері «Қазақстан Парамаунт Инжиниринг» ЖШС қызметкерлерімен жүздесті. Заманауи броньды машиналарды шығару бойынша Орталық Азиядағы ең ірі инновациялық кәсіпорынның бас директоры Ербол Салимов елордалық ардагерлерді құрметтеп, экскурсия ұйымдастырып, ақ батасын алды.

Зейнетке шыққандарға Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтары әлеуметтік тұрғыдан қолдау көрсетіп, Ардагерлер кеңесімен қоян-қолтық жұмыс істейді. Егде тартқан шағында үйде қол қусырып отырмай, әлі де қоғамға пайдасын тигізейін деген зейнеткерлер осында тіркеліп, бос уақытын тиімді өткізіп жүр. Мәселен, «Ұрпаққа аманат» клубының мүшелері мектептерде, колледждерде жиі-жиі кездесулер өткізіп, жас буынға ұлттық құндылықтарды насихаттап, ұрпақтар сабақтастығын арттырып келеді. Ал шығармашылық бағыттағы үйірмелерге қатысатын қарттар түрлі аспапты меңгеріп, сахнаға шығып ән шырқап, ұлттық өнерімізді кеңінен насихаттауда. Мысалы, Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония сахнасында өткен «Ардагерлер көктемі» концертінде «Есіл толқындары» халық ансамблі, «Ветераны» қалалық хоры, «Арқа әуендері» халық ансамблі, «Шырқа, гитара» клубы, «Дайдидау» этно-тобы, вокалды топтар: «Сарыарқа», «Гүлдер», «Тамаша әжелер» және жеке орындаушылар Төребек Әбдіразақ, Жақсылық Тұрғанбекова, Ильяс Қалин тамаша өнерімен көпшілікті тамсандырды. Астана жұртшылығына танылып жүрген «Елорда» халық хоры, «Әдемі» вокал тобы, «Березка» хор ансамблі және басқа да өнер ұжымдары тұрақты түрде жұмыс істейді.

Ардагерлер кеңесі күнделікті жұмыс барысында өтініш білдірген зейнеткерлердің қандай да бір мәселелерін шешуге тырысып, заңнамамен бекітілген жеңілдіктердің орындалуын бақылайды. Кеңес жанынан құрылған әлеуметтік-тұрмыстық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссия мүшелері жалғызбасты және жағдайы төмен зейнеткерлерге үлкен қамқорлық жасауда. Таяуда қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есіловтің ұсынысымен, Алматы ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы Марат Мұстафиннің тікелей қолдауымен «Жігер-2» бастауыш ұйымында семинар өтті. Онда ардагерлер кеңесінің жанындағы әлеуметтік-тұрмыстық мәселелер жөніндегі комиссиялардың жұмысы жан-жақты талқыланды. Осы орайда қос басшының, қоғам қайраткерлерінің көрегендігі айқын көрінді.

Көпті көрген асыл қарттарымыз бақытты күн кешіп, қай кезде де халқына сүйеу, жұртына қамқор боп, жүздерінен қуаныш пен күлкі кетпей, балалары мен немерелерінің қызығын көріп, аман-сау жүрсін дейміз!

Баянды ӘЛПИ,
Астана қаласы Алматы ауданы ардагерлер кеңесі медиатобының мүшесі

Саналы ғұмырын адал қызмет етуге арнаған қазыналы қарттың бірі – қазақ спортының тірі шежіресі саналатын, жастайынан палуандықпен аты шығып, ел намысын талай мәрте қорғаған ардагер спортшы Орынбай Сейдағаламұлы.

СЕКСЕНІНДЕ СЕРГЕК...

Шапағат ӘБДІР

Сексеннің сеңгіріне шыққан арда палуан 1945 жылы бұрынғы Торғай облысының Аманкелді ауданында дүниеге келген. Балалық шағы соғыстан кейінгі ауыр жылдарға тап келіп, жоқшылық пен ашқұрсақ тіршіліктің ортасында өскен қаршадай бала шынығып, қайсар мінезді азамат болып қалыптасты, оған әсіресе анасы Балжан Қожабекованың әсері мол болды, өйткені ол кісі аудандық жарыстарда әйелдер арасында талай мәрте күресіп жеңімпаз атанған нағыз батыр ана еді. Міне, осы тектілік қасиет Орынбайдың бойына да дарып, жастайынан күрестің қыр-сырын меңгерген ол бұл өнерді тек күш емес, рух пен адамгершіліктің мектебі деп түсінді. Сондықтан да шығар ардагер чемпионымыздың осы жолдағы еңбегі бағаланып, «ҚР құрметті қайраткері», «ҚР мәдениет және өнер саласының үздігі», «ҚР еңбек сіңірген қызметкері», «Егемен ел патриоты» төсбелгісі сияқты жоғары атақтарға ие болып қана қоймай, «Аманкелді ауданының құрметті азаматы», сондай-ақ 2012 жылы «Арқалық қаласының құрметті азаматы» атанды. Ал спорттағы жетістіктеріне тоқталсақ, самбо күресінен екі дүркін әлем чемпионы атанып, бірнеше рет әлем жүлдегері болды, қазақ күресінен ҚР спорт шебері атанды, сонымен бірге 2018 жылы мемлекеттік «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталды. Ең соңғы жетістігі – 2025 жылы сексен жасында Тайвань астанасы Тайбэйде өткен «Шеберлердің әлемдік ойындары» халықаралық жарысында дзюдодан әлем чемпионы атанып, алтын медаль иеленуі қажырлы еңбек пен табанды рухтың нәтижесі екені сөзсіз.



– Мен қазір сексеннің сеңгіріне шықсам да, өзімді жас жігіттей сергек сезінемін. Оның барлығы – өмір бойы спортты серік еткенімнің арқасы. Күрес маған тек күш емес, тәртіп пен төзім, рух пен жігер берді. Жас кезімнен жаттығуды тоқтатпай, үнемі қозғалыста болдым, соның арқасында денем де, жаным да шынықты. Егер спортқа берілмесем, бәлкім, мен де көп қария секілді ауырсырқаудың шырмауында отырар ма едім? Ал қазір, Аллаға шүкір, дүниежүзілік жарыстарға қатысып, өзімді әлі де болса жас жігіттей сезініп жүремін. Сондықтан жастарға айтарым – спорт адамды жасартады, ғұмырын ұзартады, ең бастысы, қайсар мінезді қалыптастырады. Сергектігімнің құпиясы осында, – дейді ақсақал.

Бүгінде спортқа еңбегі сіңген арда палуанның жалғыз арманы – шағын баспанаға қол жеткізу, себебі ол 1999 жылдан бері Астанада тұрып келеді, алайда осы уақытқа дейін жалдамалы пәтерде күнелтуге мәжбүр. Зайыбы Злиха Сембаевамен бірге 10 немере, 3 шөбере сүйіп отырса да, қартайған шағында зейнетақысының көп бөлігін пәтерақыға беріп отырғанын айтады, осы мәселе бойынша бірнеше рет жоғарғы органдарға хат жазғанмен, мәселе әлі шешімін таппапты.

Жасы сексенге келсе де, спорттан қол үзбеген Орынбай Сейдағаламұлы алдағы қараша айында Франция астанасы Парижде өтетін ардагерлер арасындағы әлем чемпионатына дайындалып жүр, бұл оның әлі де қажырлы еңбектің, қайсар мінездің адамы екенін көрсетеді.

Орынбай Сейдағаламұлы – қазақ спортының мақтанышы. Сондықтан Халықаралық қарттар күні қарсаңында осындай еңбегі еленген, ұрпаққа өнеге болған қазыналы қарияларды ардақтап, қадірлеу – баршамыздың парызымыз.

БАЙҚАУ КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІН КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ

«Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» ММ Астана қаласы әкімдігінің «№13 қалалық емхана» ШЖҚ МКК Байқау кеңесінің мүшелерін іріктеу бойынша конкурстың басталғаны туралы хабарлайды:

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары білімі, сондай-ақ мынадай талаптардың бірінің болуын қамтиды:

1) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің;

2) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің;

3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

Мынадай:

1) соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;

2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;

3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;

4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адамды байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлауға болмайды.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);

2) қазақ және орыс тіліндегі түйіндеме;

3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);

4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;

6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екенін растайтын құжаттар, сондай-ақ осы мемлекеттік кәсіпорынның лауазымды тұлғаларына қатысты үлестестігі туралы мәліметтер.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдындағы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) беруіне болады.

Қатысушы конкурстық өтінімнің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертте қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Содан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді.

Конкурсты өткізу орны – Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11, 413-кабинет, 557484, 556842.

Конкурстың басталу күні (құжаттарды қабылдау) – 2025 жылғы 30 қыркүйек.

Конкурстың аяқталу күні (құжаттарды қабылдауды аяқтау) – 2025 жылғы 30 қазан.

№115 (4859) 30/09/2025 Сейсенбі



ШЕРАҒАҢНЫҢ ШЕКПЕНІ МЕН МЕКТЕБІ

Елордадағы Шерхан Мұртаза атындағы №63 мектеп-гимназияда жазушы атындағы қайырымдылық қорының ұйытқы болуымен қазақ руханиятының абызы, көрнекті жазушы-публицист Шерхан Мұртазаны еске алу шарасы өтіп, қайраткерге арналған мұражай-бөлме салтанатты түрде ашылды.



Шапағат ӘБДІР

«Астана ақшамы» газетінің бас редакторы Еркін Қыдыр, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Нұрлан Өнербаев сынды есімі елге белгілі азаматтар Шерхан Мұртаза туралы әсерлі естеліктерімен бөлісіп, пайымды пікірлерін ортаға салды.

Салтанатты жиын мектеп фойесіндегі көрмемен басталды. Қонақтарды мектеп оқушылары дәліз бойында күтіп алып, мектептің жетістіктері мен экспозиция бұрыштарымен таныстырды. Одан кейін мектептің ұлт аспаптар ансамблі «Алаш аманаты» күйін орындап, шара шымылдығын айшықтады. Жиын барысы мектеп-гимназия ұжымы мен оқушыларының ұйымдастыруымен арнайы концерт бағдарламасына ұласып, жазушының өмірі мен шығармашылығына арналған «Шындықтың шарайнасы» атты деректі фильм көрсетілді, «Ай мен Айша» повесінің желісі бойынша театрландырылған көрініс қойылды.

Әрі қарай мемлекет және қоғам қайраткерлеріне сөз берілді. Ең әуелі сөз алған Қуаныш Сұлтанов: «Шерхан тумысынан көсем боп жаратылған ерекше тұлға болатын. Ұлттың тағдыры сынға түскенде, тәуелсіздік талқыға түскенде ширығып, көк семсердің жүзіндей кесіп түсіп сөйлеуші еді» деп еске алса, Сауытбек Абдрахманов: «Қаламгерлер арасында «Шерханның шекпенінен шыққандар» деген тіркес жиі айтылады. Енді, міне, балаларымыз «мектебінен шықтық» деп мақтанатын күнге де жеттік» деп сөзін бастап, әрі қарай: «Шерхан Мұртазаның арқасында журналист мәртебесі биіктеді. Бұрын журналист болу жазушы бола алмағандардың жолы сияқты бағаланатын. Ал Шераға сол көзқарасты түбегейлі өзгертті» деді.

Шерхан Мұртазаның туған жері – Түлкібас пен Жуалы аудандарынан келген арнайы делегация Шерағаға деген құрметін ерекше көрсетті. Олар музейге жазушының туған ауылы – Ақсу-Жабағылының пейзажын, ата-тегі жазылған шежіресін тарту етіп, қызының жазған алғыс хатын мектептегі музейге табыс етті.

Білім ордасында Шерхан Мұртаза музей-бөлмесінің ашылуы – бір тұлғаны ұлықтау ғана емес, ұлттың рухани тамырына тағзым. Аталған мұражай заманауи мультимедиа құралдарымен, контентті сенсорлық басқарумен жабдықталған. Мұнда қаламгердің балалық шағы, жазушылық, журналистік қызметі жайлы тың деректер, жеке заттары мен құжаттары қойылған. Әдеби мәліметтер, қолжазбалар мен фотосуреттер де назарға ұсынылған. Бұдан бөлек, QR-кодтар арқылы Шерхан Мұртазаның шығармаларын арнайы сайт арқылы оқуға мүмкіндік қарастырылған.

Ашылу рәсіміне мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғалымдар, Шерхан Мұртазаның шәкірттері, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері мен кәсіпкерлер қатысты.

Іс-шара барысында мемлекет және қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтанов, журналист Сауытбек Абдрахманов, Дархан Мыңбай, Мәжіліс депутаттары Жигули Дайрабаев пен Дәулет Тұрлыханов, ҚР Жазушылар одағы Астана қалалық филиалының директоры Бауыржан Бабажанұлы,

ЖУРНАЛИСТИКА ІСКЕРЛІККЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ

«Ақша айналымы – қан айналымы сияқты: тоқтаса, өмір де тоқтайды» дейді кәсіпкерлер. Қоғамдағы осы қан айналымының дұрыс жүріп жатқанына көз жеткізетін сала бар, ол – іскерлік журналистика.

Бүгінгі таңда газетті ашып қарасаңыз, бизнеске байланысты мақалаларсыз елестету мүмкін емес. Себебі адамдар тек саясатты ғана емес, қалтасына, тұрмысына әсер ететін экономика жаңалықтарын білгісі келеді.

Іскерлік журналистика несімен қызықты? Біріншіден, ол бизнестегі жасырын сырларды ашады. Мәселен, кеше ғана ашылған шағын дәмхананың бір айда қалай миллион табысқа шыққанын немесе, керісінше, үлкен корпорацияның неге банкротқа ұшырағанын оқырман білуге құмар. Бұл – кәсіптің сахна сыртындағы құпиясы, шын өмірдің айнасы.

Екіншіден, мұнда әркімге қажет кеңестер бар. «Депозитке салған дұрыс па, доллар ұстаған тиімді ме?» деген сұрақтарды көпшілік қояды. Жауапты банкирден емес, түсінікті тілмен жазылған газет мақаласынан тауып алу әлдеқайда жеңіл. Іскерлік журналистердің басты миссиясы да сол – күрделі экономиканы қарапайым халық тіліне аудару.

Үшіншіден, бизнес тақырыбы әрқашан тарихпен де, мәдениетпен де байланысады. Қазақтың ежелгі «Жігітке жеті өнер де аз» деген нақылы бүгінгі кәсіпкерге тікелей қатысты. Біреу саудада, біреу технологияда, біреу шығармашылықта өзін табады. Ал журналист осының бәрін қызықты етіп әңгімелейді.


Қазір ақпараттың жылдамдығы басты құндылыққа айналды. Жаңа заң қабылданса, салық өзгерсе, биржада теңге құнсызданса – халық оны ең алдымен журналистерден біледі. Егер іскерлік журналистика болмаса, кәсіпкерлердің де, қарапайым азаматтардың да шешім қабылдауы қиынға соғар еді. Газет бетінде жарық көрген іскерлік мақала оқырман үшін тек ақпарат емес, мотивация да болуы мүмкін. Бір жас кәсіпкердің табыс тарихын оқып, мыңдаған адам жаңа іс бастауға тәуекел етеді. Міне, публицистиканың құдіреті осында.

Іскерлік журналистика – тек бизнес әлемін емес, қоғамның болашағын да айқындайтын сала. Оны қызықты ету – журналистің шеберлігіне, ал оқу – әрбір оқырманның болашағына жасалған инвестиция.

Зулмира АУХАТ,
Л.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық
университетінің студенті

«ҒҰМЫРДАРИЯ»: ЕҢБЕКТЕН МӘН ТАПҚАН ҒҰМЫРДЫҢ ШЕЖІРЕСІ

Қарақалпақстанның Тахтакөпір ауданында туып-өсіп, арман жетегінде Қазақстанның Жамбыл қаласына жол тартқан азаматтың өмір жолы көп оқиғаға бай. 70 жастың белесінен асқан Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің V, VI сайланымдарының депутаты, мемлекеттік қызмет саласының ардагері Ерсұлтан Бектұрғанов ағамыздың балалық шағынан бастап бүгінге дейінгі өмір жолын суреттеген «Ғұмырдария» атты естелік-эссе кітабы оқып отырған әрбір адамды бей-жай қалдырмайды.



Ерсұлтан аға туып-өскен ауылынан аттап шыққанына жарты ғасырдан асса да, оның жүрегіндегі туған жерге деген сағыныш бір сәтке де сөнген емес. Кіндік қаны тамған Қарақалпақстан топырағы – ол үшін мәңгілік ыстық мекен, жүрек түкпіріндегі қымбат қазына. Сағыныштың самалы қайда жүрсе де желбіреп, оны туған елге жетелейді. Бұл сезім оның естелік-эссесіндегі жүректен төгілген қара сөздері мен тереңнен шыққан өлең жолдарында айқын көрінеді. Әр сөйлемінен туған жер топырағының иісі, елдің рухы аңқып тұрады.

Ерсұлтан аға кәсіби жазушы болмағанымен, оның естеліктерін оқи бастаған сәттен-ақ өмірдің терең иіріміне еніп кетесің. Себебі ол суреттеген балалық шақ – әрбірімізге таныс, әр жүректе ізі қалған қымбат кезең. Жастықтың жалынға толы күндері, тұрмыстың түрлі сынағы мен өмірдің тәтті-шырын қуанышы оның баяндауында шынайы әрі әсерлі өрнектеледі. Халық үшін еткен адал еңбектері, түрлі жоғары лауазымдардағы табанды қызметі – оқырманға үлкен өнеге, жас ұрпаққа тағылым боларлық рухани қазына.

«Ғұмырдария» естелік-эссесінде автор өз өмір жолын ғана емес, сонымен бірге оны қоршаған ең қымбат жандардың – ата-анасының, туған-туыстары мен отбасы мүшелерінің бейнесін ерекше ықыласпен суреттейді. Әр кейіпкердің мінезі, болмысы, өмірге көзқарасы шынайы штрихтармен берілгендіктен, олар оқырманның көз алдына тірі тұлға болып келеді. Осы арқылы «Ғұмырдария» тек бір адамның ғұмырнамасы емес, үлкен бір әулеттің тарихы, өмірлік сабаққа толы тағдырлар галереясы ретінде құндылыққа айналады. Солардың ішінде ең әсерлі образдардың бірі – жұбайы, өмірлік серігі Гүлнәр апа. Автордың қаламынан туған Гүлнәр апаның бейнесі мейірімге, парасатқа, отбасы құндылықтарына деген адалдыққа толы. Ол тек шаңырақтың шырағын жағып отырған асыл жар ғана емес, Ерсұлтан ағаның күрделі де қызықты тағдырындағы сенімді тірек, жан серігі ретінде сомдалған.

Автордың «Ғұмырдариясы» – адам ғұмырын өзенге теңеген көркем ойдың айғағы. «Өмір де өзен сияқты» деген мысалға сүйене отырып, ол әр адамның тағдыры дариядай толқынды, арналы екенін шебер бейнелейді. Өзен тоқтаусыз ағып, тармақтарға бөлінгенімен, бәрібір бастауына, түпкі өзегіне оралады. Сол секілді адам да қай қиырды кешсе де, түптің түбінде туған жерімен, ата-бабасының ізі қалған қасиетті топырақпен байланысын үзбейді.

Бұл естеліктер – туған жер мен халықтың болмысына тағзым, оқырманды да өз тамырына үңілуге жетелейтін шынайы сыр.

«Ғұмырдария» атауы осылайша екі мағына береді: біріншісі – өмірдің өзенге ұқсастығы, екіншісі – Әмудария мен Сырдария ағысындағы туған өлке тағдыры. Автордың туған елге деген сүйіспеншілігі оның әрбір естелігінде, табиғатқа деген іңкәр сезімінде айқын көрінеді.

Жалпы алғанда, автордың айтқысы келген терең ойы – адамның шынайы бақыты мен өмірдің құндылығы еңбектен табылатынында. Шынында да, Ерсұлтан ағаның естеліктерін парақтай отырып, біз тек өткен күннің суреттерін ғана емес, еңбектің адам жанына сіңірген қасиетті қуатын сезінеміз. Ол үшін өмір – тек өткінші сәттердің тізбегі емес, қайта маңдай термен, адал қызметпен мәнге толған ғұмырдың шежіресі.

Ағамыздың әрбір естелігі қарапайым тұрмыстың шағын қуаныштары мен үлкен сынақтарын айна-қатесіз көрсетіп қана қоймайды, сонымен бірге оқырманға ой салады: шын еңбек қана адамды биіктетіп, жүрегін бақытқа бөлейді екен. Жазылған әрбір жол кейінгі ұрпаққа қалдырған өсиет сынды. Ол бізге еңбек пен адалдық өмірдің мәңгілік құны екенін ұқтырады. Осы тұрғыдан алғанда, кітап оқырманды бір мезетке өз өміріне де үңілдіреді: біз бақытты сырттан іздейміз, ал ол өз қолымызбен жасаған еңбекте, жүрекпен істеген ісімізде екеніне көз жеткіземіз. Ерсұлтан ағаның ғибратты ғұмыры соған жарқын дәлел.

Есімқан ЕЛСҮЙЕРҰЛЫ,
Өзбекстан Журналистер
одағының мүшесі,
философия докторы

№115 (4859) 30/09/2025 Сейсенбі





«ҚАРА СӨЗДЕР» СПЕКТАКЛЬГЕ АЙНАЛҒАНДА

Әзірбайжан Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театры ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған «45» атты пластикалық қойылымның премьерасын ұсынды.

Аталмыш қойылым Абайдың 45 қара сөзінен құралған шығармашылық эксперимент ретінде сахналанды. Айта кетерлігі, хакімнің даналық ойларын кейінгі жылдары спектакльге айналдыру үрдіске айналды. Бұдан бұрын бұл тақырыпта қара шаңырақ – М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры «Қара» драмасын, елордадағы «Синтез» театры «45» қойылымын қойды. Ал жаңа спектакльде классикалық мәтіндер пластикалық өнер тілінде жаңаша бейнеленіп, поэзия мен қозғалыстың үйлесімді бірлігін көрсетті.

Спектакльдің қоюшы режиссері – мәскеулік Илья Подчезерцев. Оның режиссерлік шешімі арқылы Абайдың философиялық ойлары мен мәңгілік мұрасының бүгінгі заманға артар үнін сахналық пластика арқылы жеткізу көзделді.

Оның айтуынша, қойылымға дайындық Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романын оқудан басталды. Кейін режиссер ақынның қара сөздерін оқып шыққан. Содан Абайдың қара сөздерінің өзектілігі бүгін де жойылмағанына көз жеткізді. Спектакльдің философиялық терең мағынаға ие екенін көрсеткісі келіп, адамның билікке таласқыш, жалқау табиғатын, ғылым, ақылдың жарысын, сондай-ақ рухани құндылықтардан көріністерді қамтыды.

Ұлы Абай өз заманында талай дүниені айтып кетті. Адам баласы хакімнің философиясына бас ұрғанмен, нақты іске келгенде соны орындамайды. Өзінің кемшіліктерін «қоғам сондай» деп сілтеп, қоғамға жабады. Сонысымен ақталғандай болады. Қойылымда басты ой осыған барып тіреледі.

Спектакльде Абай арқылы бүгінгі заманның көріністері көрініс тапқан. Қоюшы режиссер арасында Абайды Шекспирмен шендестіреді. Оны Шекспир шығармасынан бір үзіндіні қойылымға қосып көрсетеді.

ҚАРТТАР ФЛЕШМОБ ӨТКІЗДІ



Нұра ауданының 50-ден астам зейнеткері «Хан Шатыр» сауда және ойын-сауық орталығының алдында қазақ биінен флешмоб өткізді.

Шараға ауданның Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының би үйірмесіне қатысушы ата-әжелер және халықаралық байқаулардың жеңімпазы – «Қыздарай» хореография ансамблі қатысты. Ұжымға кәсіби хореограф Ирина Смағұлова жетекшілік етеді.

Айта кетсек, Нұра ауданында зейнеткерлер 2024 жылдың ақпан айынан бастап би үйірмесіне тұрақты түрде қатысып келеді. Бүгінде бұл үйірмеге 111 ардагер тіркелген. Жалпы Астананың барлық 6 ауданындағы Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарында би клубтары жұмыс істейді. Оларға 500-ге жуық зейнеткер қатысып, салауатты өмір салтын ұстанып жүр. Әр ауданның өз би ұжымдары бар. Мәселен, Алматы ауданында – «Аэлита», «Салтанат», «Айби», Байқоңырда – «Қызғалдақ», «Достар», «Інжу Dance», «Жалын», Есілде – «Жаңа толқын», ал Нұра ауданында «Элеганс» пен «Аңыз» топтары өнер көрсетіп келеді.

AULAFIT МАУСЫМЫ АЯҚТАЛДЫ

Бас қалада әлеуметтік-спорттық Aulafit жобасының жазғы маусымы аяқталды. «Гранд Астана» тұрғын үй кешенінің ауласында ұйымдастырушылар ересектер мен балаларға арналған мерекелік іс-шара өткізді.

Жоба ұйымдастырушыларының бірі Айтжан Мусин AulafiT тек спортты дәріптеп қана қоймай, ұрпақтар сабақтастығын жалғайтынын атап өтті.

– Басты мақсат – салауатты өмір салтын насихаттау және бұқаралық спортты дамыту. Көбірек адам спортпен айналысса дейміз. Мысалы, осы ауланың тәжірибесінен дұрыс бағытта келе жатқанымызды түсіндік. Бұл жерде жаз бойы кішкентай балалардан бастап қарттарға дейін көп тұрғын жаттығуға



шықты. Ең үлкені – 86 жаста, ол да бәрімен бірге бірдей жаттығып жүрді, – деді ол.

Aulafit маусымнан қыркүйекке дейін жалғасып, 30 аулада өтті. 3 жастан 80 жасқа дейінгі 5000-нан астам тұрғын кәсіби жаттықтырушылардың жетекшілігімен тегін спортпен айналысты. Жаттығулар аптасына алты күн жүргізілді. Бағдарлама жас ерекшелігіне қарай бейімделіп, жалпы дене дайындығы, гимнастика, фитнес-йога, командалық ойындар, футбол, волейбол және ауладағы ойын-сауық түрлерін қамтыды. Барлық сабақты жоғары білімі бар мамандар – мектеп пен университет оқытушылары жүргізді.

АТАЛАР АСЫҚ ОЙНАДЫ

Астана қаласы Алматы ауданы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының ұйытқы болуымен Халықаралық қарттар күніне орай асық ату және тоғызқұмалақтан зейнеткерлер арасында турнир өтті.

Асық ату жарысына 6 ер адам және 6 әйел адам, ал тоғызқұмалаққа 10 адам қатысты. Осылайша, еңбек ардагерлері мен зейнеткерлер ұлттық ойынға деген сүйіспеншілігін көрсетті.

Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының бұқаралық іс-шаралар ұйымдастырушысы Бақытжан Түсіпқызы шараның басты мақсаты ұлттық мәдени мұраны сақтау, қарттардың белсенді өмір салтын насихаттау және мерекелік көңіл күй сыйлау екенін атап өтті.



– Біз мұндай жарыстарды әр тоқсан сайын өткіземіз. Негізгі мақсатымыз – дәстүр мен ұлттық ойындарды сақтап, жас ұрпаққа жеткізу. Халықаралық қарттар күні аясында үлкен буынға арнап турнир ұйымдастырдық. Әсіресе тоғызқұмалақ – логикалық әрі математикалық ойлауды дамытатын ерекше ойын. Жақында 86 жастағы апамыз оны бар болғаны бір жылда үйреніп, алғашқы жарыста-ақ бірінші орынды жеңіп алды. Бұл дәстүрдің әлі де өміршең екенін көрсетеді, – деді ол.

Ал асық ату бәсекесі арнайы дайындалған алаңда өтіп, ойыншылар көз мергендігі мен шапшаңдығын көрсетсе, тоғызқұмалақ кездесуінде қатысушылардың ой ұшқырлығы мен төзімі сынға түсіп, ойындар тартысты өрбіді. Жарыс қорытындысы бойынша асық атудан I орынды – Ғалым Белденов, II орынды – Жақсыбай Ізғалиев, III орынды Тұрсын Исмайылов иеленсе, әйелдер арасында I орын – Айгүл Отарғалиеваға, II орын – Нарзанқұл Баймұқышеваға, III орын Бақыт Өгізбаеваға бұйырды. Тоғызқұмалақ ойыны бойынша I орын – Роза Дүкесоваға, II орын – Қуаныш Дүкесоваға, III орын Құралай Нұрмағановаға берілді.

КҮМІС ЖҮЛДЕГЕ ИЕ БОЛДЫ

«Астана Балет» театры Cheonan World Dance Festival 2025 атты халықаралық фестивальде күміс жүлдеге ие болды. Аталмыш фестиваль Оңтүстік Кореяның Чхонан қаласында өтті. Жер-жерден жиналған 4000-нан астам биші түрлі мемлекеттің мәдениетін таныстырып, көрерменге ерекше әсер сыйлады.

Әлемдік сахна төрінде қазақ би өнерінің жауһарына айналған, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Айгүл Тәтидің хореографиясына қойылған «Ұлы дала мұрасы» ұлттық концерт бағдарламасы ұсынылды. Шын мәнінде, «Астана Балет» театрының әлемдік сахнада өнер көрсетуі қазақ мәдениетінің ғасырлар бойғы мұрасын көпшілікке насихаттауға мүмкіндік берді.

Бетті дайындағандар
Аманғали ҚАЛЖАНОВ, Шапағат ӘБДІР

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 115
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**